

кез-келген инновациялық технологияны қажеттілігіне қарай ұтымды, тиімді қолданғанда ғана белгілі бір нәтижеге қол жеткізе алады.

#### Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Психология Аймауытұлы Ж. – Алматы: Рауан, 1995.
2. Байтұрсынұлы А. Тіл тағылымы. – Алматы. 1992.
3. Арысбаева З. “Инновациялық әдіс-тәсілдерді қолдану ерекшеліктері”. // Қазақстан мектебі. № 1. 2007.
4. Бейсембаева А. “Оқу-тәрбие үрдісін ізгілендірудің мүмкіндіктері”. // Қазақстан мектебі. № 4. 2001.
5. Жүнісбек Ә. Жаңа технология негізі – сапалы білім. – //Қазақстан мектебі, №4, 2008.
6. Нағымжанова Қ. Инновациялық технологияның құрылымы. – Алматы: Өркен, 2007.
7. Гин А.А. Приёмы педагогической техники: Свобода выбора. Открытость. Деятельность. Обратная связь. Идеальность : Пособие для учителя. – 5-е изд. – М.: Вита – Пресс, 2003.
8. Садуова Ж.Н. Жаңа педагогикалық технологиялар арқылы болашақ мұғалімдердің кәсіби бағыттылығын қалыптастыру. – //Қазақстан мектебі, № 5, 2013.
9. Мұхамбетжанова С.Т., Мелдебекова М.Т. Педагогтардың ақпараттық – коммуникациялық технологияларды қолдану бойынша құзырлылықтарын қалыптастыру әдістемесі. – Алматы: ЖШС «Дайыр Баспа», 2010.
10. Педагог кадрлардың біліктілігін арттыруда оқытудың жаңа технологияларын енгізудің тиімді жолдары. – Алматы. 2006.
11. Қадірқайырұлы Қ., В.М.Монахов, Л.Оразбекова, Т.Әлдібаева. Оқытудың педагогикалық жаңа технологиясы. – Алматы. 1999.
12. Авдарсолқазы С., Авдарсолұлы М. Ақпараттық – коммуникациялық технологияны оқыту. – Алматы. 2013.

#### Жашкеева Назиха Елубаевна

Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің жоғары санатты мұғалімі, зерттеуші-педагог  
naziha65@mail.ru

#### Абикенова Жанат Кабденовна

Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің жоғары санатты мұғалімі, зерттеуші-педагог  
Қарағанды облысы білім басқармасының «Дарын»  
мамандандырылған мектеп-интернаты КММ  
zhaka\_90@mail.ru

### ҚАЗАҚ МЕКТЕБІНДЕГІ ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІНІҢ ОҚЫТЫЛУ ЖАҒДАЙЫ

Тіл – әр ұлттың ең бірінші ұлттық белгісі, қарым-қатынастың, ойлаудың, өнер мен мәдениеттің басты құралы. Күнделікті қарым-қатынас барысында оның мән-мазмұны айқындала түседі.

Тілді меңгеру, құрметтеу, сақтау, өскелең ұрпаққа қадір-қасиетін ұғындыру міндетті түрде мектеп қабырғасында немесе жоғары оқу орындарында ғана емес, күнделікті қолданыс барысында басты назарда болу керек. Бұл мақсатта үкімет тарапынан арнайы жарғы, заңнамаларды күтіп отыру тіл жанашыры үшін қажет емес. Қазіргі кезеңде мектепте қазақ тілін оқытуда жүйесіздіктің орын алғанын ескере отырып, біз осы мақаланы ұсынып отырмыз.

Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының «баланы бастауышта өз ана тілінде оқыту керек» деп көрегендікпен айтқан аманатын елемей, шала қазақ балаларымызды балабақшадан бастап ағылшынша оқыта бастадық. Жастайынан өзге тілді құлағына сіңіріп, ойын аударып, бойын үйреткен бала қазақ тілінің маңызын сезінбей мектепке келеді. Талпынбайтын, ниеттенбейтін, құлқы жоқ балаларға қазақша сөйле, кітап оқы деп талап етудің қиындығын көрсеңіздер! Қазіргі таңда қазақша білмейтін, әзер сөйлейтін, сөйлегісі келмейтін ұрпақ көбеюде. Қиындығын қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдері көріп отырмыз. Ең сорақысы, қазақ тілінде ойын жеткізе алмайтынына намыстанбайды, талпынбайды да, ал ағылшын тілін уақыт бөліп, ақша төлеп оқып жатыр. Міне, Тілдер туралы Заңның аясындағы қазақ тілін өркендетудің жемісі!

«Жығылғанға жұдырық» дегендей, білім беру ісінде көптеген өзгерістер енгізіліп, батыстың оқу жүйесінің үлгісіне көшкенімізге бірнеше жыл болды. Оқулықтар жанартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы бойынша жазылған. Бұл бағдарлама өз тілінде еркін сөйлейтіндер үшін ыңғайлы шығар. Ал өз тілінде ойын еркін жеткізуді білмейтін, қазақша ертегіні рақаттанып мазмұндап бере алмайтын, батырлар жырын рухтанып жатқа айта алмайтын және өз тілінің қажеттілігін сезінбейтін қазақ балаларын оқытуға мүлдем қайшы келеді. Алдымен, қазіргі қазақ тілі пәнін оқыту жағдайына тоқталайық:

1) қазақ тілін меңгерудің, грамматиканы оқытудың, мәтіндерді талдаудың жүйесі жоқ;  
2) бастауыш сыныптан бастап эссе жазу талап етіледі;  
3) оқу мақсаты бойынша мәтін жанрына, стиліне талдау, мәтін құрылымына, тілдік құрал ерекшелігіне талдау, т.б.

4) мәтін бойынша терминдер ұмытпайтындай ерекшеленіп, қарамен баттастырылып берілген: мысалы, компрессия (20-бет), геостационарлы телекоммуникация, жерді қашықтықтан зондтау, картографиялау, ассамблея (144-бет), ЮНЕП, ГРИНПИС (125-бет) [1]. Әдеби тіліміз тұралап, сөздік қор игерілмей жатқанда, осындай сөздердің не қажеті бар қазақ тілі сабағында?

5) қазақ тілі салаларының жүйесі сақталмай, мәтінмен еш байланысыз берілген. Жүйесі жоқ нәрсені есте сақтау да қиындық тудыратыны белгілі. 5-сыныптың қазақ тілі оқулығындағы грамматикалық тақырыптардың берілуі мынадай:

- фонетикадан дыбыс, оның түрлері, үндестік заңы, оның түрлері;

- лексикадан синоним, антоним, омоним, көп мағыналы сөздер, сөздің тура және ауыспалы мағынасы;

- морфологиядан негізгі және туынды түбір, күрделі сөздер, зат есім, зат есімнің мағыналық түрлері, жалғау түрлері, сын есім, оның түрлері, шырай түрлері, сан есім, оның мағыналық түрлері, сан есімнің емлесі, (зат есім мен сын есімнің емлесі туралы оқулықта ештеңе берілмеген);

- синтаксистен төл сөз, автор сөзі, төлеу сөз, төл сөзді төлеу сөзге айналдыру.

Осындай жүйесіздікті әр сыныптың қазақ тілі оқулығынан байқауға болады. 5-сыныпта оқушыларға грамматиканың әр саласын үзіп-жұлып оқытпай, негізінен, қазақ тілінің дыбыстық жүйесін, орфография мен орфоэпияның өзіндік ерекшелігін ұғындырып, лексиканы кеңінен қамтып оқытуды басты назарда ұстаған жөн. Күнделікті тәжірибеде баланың сөз мағынасын түсінбейтіндігін, сөзді мағынасына сай жұмсай алмайтындығын көріп жүрміз.

Қазақ тілі пәнінен 5-сыныпта төл сөз, автор сөзі, төлеу сөз, төл сөзді төлеу сөзге айналдыру жолдары тақырыбы күрделі. Бұны жаңартылған білім мазмұны бойынша оқыту басталғаннан бергі тәжірибемізде байқадық. Мысалы, «Көне мұра сырлары» тақырыбында жазба ескерткіштер туралы тарихи ақпарат берілген. Тапсырма үлгісі: мәтіндегі ақпаратты толықтыру, стилін анықтау, тарихи және географиялық фактордың рөлін анықтау, көне жазбадағы сөздерді топтастыру, статистикалық есебін шығару. Арасында әдеби тіл нормалары бойынша мәтінмен байланысы жоқ кесте бар: тіркесті жалқы есімдердің жазылуы. (19-бет) [2]. 8-сыныпта мынадай тақырыптар бар: орфография, жалқы есім емлесі; фонетика: әуен, әуез, тембр, қарқын, кідіріс; лексика: сөздік қор және сөздік құрам; синтаксис: сөз тіркесінің байланысу тәсілдері, сөз тіркесінің байланысу түрлері, сөз тіркесінің түрлері, сөйлемнің тұрлаулы мүшелері, сөйлемнің тұрлаусыз мүшелері; сөйлемнің бірыңғай мүшелері, сөйлемнің айқындауыш мүшелері, сөйлемнің айтылу мақсатына қарай түрлері, жай сөйлемнің түрлері; пунктуация: сөйлем соңында қабаттасып қойылатын тыныс белгілері. Әдеби тіл нормалары мақсатта қосымша боп берілгендіктен, арнайы сағат бөлінбегендіктен, БЖБ, ТЖБ-да грамматикалық тапсырмалардың маңызы жоқ болғандықтан, қалай оқыту керек екенін білмей қалдық. Бұрынғыдай сөйлем жазып, тауып, талдап, жаттықтырайық па? Не үшін берілген?

6) оқушылардың жазу каллиграфиясы бұзылған, жазулары анық емес, түсініксіз жазады. Бұл мәселе оқу мақсатында, ТЖБ-ның бағалау критерийлерінде қарастырылмағандықтан, оқушы бұған мән бермейді.

7) оқушылардың сауаттылығы төмендеген. Бұл да жаңартылған білім мазмұнында ескерілмейді.

Қазақ әдебиеті сабағына келсек, шығармаларға әдеби-теориялық талдау жасау негізгі мақсатымыз сияқты. Шығармадағы көркемдегіш құралдарға, шығарманың сюжеттік-композициялық құрылымын талдауға, жанрына көбірек көңіл бөлу керек екен. Сөзді бейнелі етіп сипаттау үшін қолданылатын «перифраз» деген термин бойынша жұмыс істеу қазақ тілінің де, әдебиеттің де мақсатына кіреді. 70-бет [3] Шығармадағы көркемдегіш құралдардың (психологиялық параллелизм, перифраз, сатира, ирония, гротеск, эллипсис) қолданысын талдай отырып, автор стилін анықтау;(98-бет) [3]. 6-сыныптың қазақ әдебиетін оқытуда мынадай мақсат берілген: 6.2.3.1 шығармадағы көркем ауыстыруларды (троптарды: метафора, кейіптеу, метонимия, гипербола, литота, аллегория, антитеза, градация, арнау) анықтау. Әдеби-теориялық ұғымдарды анықтау жеткіліксіз, бұл ұғымдардың тіл шұрайы үшін қызметі мен маңызына талдау мақсатқа негіз болу керек.

Әдеби-теориялық ұғымдар оқушының көркем сөйлеп, ойын анық жаза білуіне қызмет етуі тиіс.

Тілдің тереңіне бойлап, сөздің мәнін ұғып, ұлттық құндылықтарға қарай бейімдеп оқыту – заман талабы. Жас балалардың дұрыс сөйлеуі, тілін шұбарламай сөйлеуі, өз тілінде мақтанышпен сөйлеуі – осының бәрін барлық мұғалім жан-жақтан қадағалауға міндетті деп ойлаймыз. Қала мектептерінде сөзін бұзып, өзге тілде сөйлесе, өңі кіретіндей сезінетін оқушылар жетеді. М.Әуезовтің: «Ана тілінен бірнеше жағдайлар себеп болып ажыраған ел азған ел атанып, кейіннен аты өшіп, ұрпақтары бұршақша бытырап, қардай еріп, құмға сіңген судай жоғалып кеткенін тарихтан кездестіруге болады. Осындай сормандай ел бұрында көп болғанына тарихта дәлелдер аз емес» деп айтқанын ұмытпауымыз керек. [4] Алаш ардақтысы, ұлттық педагогикамыздың негізін қалаушы Мағжан Жұмабаев: «Біз дәл қазір ұлттық мектептің берік негізін қалауымыз керек. Соңғы кездері біз соқыр еліктеу ауруына шалдыққанымызды ескеруіміз керек. Қазақтың жанын басқа үлгіге қарай ауыстыруы қорқыныш тудырады. Жаңа мектептің негізін қалай отырып, осы соқыр еліктеу жолына тағы да түсіп кетпегеніміз дұрыс болар еді» [5] деген болатын. Мағжан арман еткен жаңашылдық пен ұлттық тәрбие мәселелері бүгінгі күні де өзекті сипатқа ие болып отыр. Мектебіміз түгіл, отбасылық тәрбиемізге де кіріп алған өзге жұрттың тәрбиесі ұрпағының келешегіне кесірін тигізерін Мағжан күні бұрын білді. Соқыр еліктеудің соңы сүріндірерін, опындырарын біліп, сақтанудың жолдарын қарастырды. «Педагогика» атты еңбегінде: «Ұлт тәрбиесі баяғыдан бері сыналып, көп буын қолданып келе жатқан тақтақ жол болғандықтан, әрбір ұлттың баласы өз ұлтының арасында өз ұлты үшін қызмет ететін болғандықтан, әрбір тәрбиеші баланы сол ұлт тәрбиесімен тәрбие қылуға міндетті. Бір ұлттың тілінде сол ұлттың жері, тарихы, тұрмысы, мінезі көрініп тұрады... Ұлттың тілінің кеми бастауы – ұлттың құри бастауы» деген [5].

Әлемдегі және түркі тілдерінің ішінде берден-бір әуезді тіл (сингармонизм заңы бар) қазақ тілі екені барша жұртқа аян. Осындай ұлт тілін ұрпаққа дәріптеу – біздің міндетіміз.

#### Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Ермекова Т.Н. Қазақ тілі. Жалпы білім беретін мектептің 8-сыныбына арналған оқулық. – Алматы: Арман-ПВ, 2018.
2. Ермекова Т.Н. Қазақ тілі. Жалпы білім беретін мектептің 5-сыныбына арналған оқулық. – Алматы: Арман-ПВ, 2017.
3. Қасқабасов С. Қазақ әдебиеті. Жалпы білім беретін мектептің 8-сыныбына арналған оқулық. – Алматы: Жазушы, 2018. – 98 б.
4. Әуезов М. Әдебиет тарихы. Алматы: Жазушы, 1989.
5. Жұмабаев М. Үш томдық толық шығармалар жинағы. 3-том. – Алматы: Жазушы, 2003.
6. Негізгі білім беру деңгейінің 5-9-сыныптарына арналған "Қазақ әдебиеті" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту қазақ тілінде)

**М. М. Төлеуп**, ф.ғ.к., доцент

Ғұмарбек Дәукеев атындағы Алматы энергетика және байланыс университеті  
m.tuleup@aes.kz

**Ғ.Ғ. Шәрібжанова**, ф.ғ.к., доцент

Ғұмарбек Дәукеев атындағы Алматы энергетика және байланыс университеті  
g.sharibzhanova@aes.kz

#### СТУДЕНТТЕРДІҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚТАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Функционалдық сауаттылық халықтың және жалпы қазіргі мемлекеттің әл-ауқатымен байланысты әлеуметтік-экономикалық құбылыс болып табылады [1]. ХХ ғасырдың ортасынан бастап функционалдық сауаттылық мәселесі халықаралық ұйымдардың назарында болды.

Сауаттылық қазіргі қоғамның маңызды бөлігіне, өмірдің барлық аспектілерін байланыстыратын және қазіргі әлемде өмір сүретін адамға айналды.

Қарапайым тілмен айтқанда, сауаттылық – бұл өз идеяларын жеткізу және адамдарға әсер ету мүмкіндігі [2].

Дегенмен сауаттылық өмірдің көптеген басқа салаларында да маңызды рөл атқарады. Сауаттылық білім беру мүмкіндіктеріне қолжетімділікті қамтамасыз етеді, жақсы жұмыс табуға және жоғары қаржылық нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді [2].

Сондай-ақ функционалдық сауаттылық – адамның қоғаммен өзара қарым-қатынасы жағдайында оқу және жазу дағдыларын пайдалану қабілеті (банкте шот ресімдеу, нұсқаулықты оқу,